

Пресс релиз

Ағымдағы жылдың 27.02.2026 ж Ақтөбе облыстық ғылыми-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес № 39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған «Тілге бойлау бағдарламасын іске асыру арқылы білім беру сапасын арттыру» облыстық семинар өтті.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі п.ғ.магистрі Искендірова Аяш Абдимахановна «Тілге бойлау бағдарламасын іске асыру арқылы білім беру сапасын арттыру» семинарға келген қонақтарға дәріс берді.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Амирова Гульжан Тынышовна қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тілдік құзыреттілікті дамыту басты міндеттерінің бірі. Баланың ерте жастан тілге бейімделуі оның ойлау қабілетінің қарым-қатынас мәдениетінің оның ойлау қабілетінің қарым-қатынас мәдениетінің және жалпы тұлғалық дамуының негізін қалайды. Балабақшада бұл бағдарламаны іске асыру барысында келесі бағыттар жүзеге асырылады :

Тілдік органы қалыптастыру: ойын арқылы оқыту; көрнекілік пен тәжірибеге негізделу; ата-анамен бірлескен жұмыс; педагогтардың кәсіби шеберлігі. Осы бағдарламаны жүйелі түрде жүзеге асыру нәтижесінде :

- Балалардың сөздік қоры молаяды ;
- байланыстырып сөйлеу дағдылары дамиды;
- тілге деген қызығушылығы артады;
- қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады;
- білім сапасы артады.

Қортындылай келе, тілге бойлау бағдарламасы-мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын арттырудың тиімді құралдарының бірі. Бұл арқылы біз баланың тек тілін ғана емес, оның жан-жақты дамуына ықпал етеміз.

қабілеті, қызығушылығы артады, логикасы дамитынын туралы айтып өтті. Суреттер берілді сол сурет бойынша тақпақ құрастырып, ЖИ арқылы тақпақтың дұрыс құрылымын көрсетті.

№14 «Қонжық» бөбекжай балабақшасының қазақ тілі мұғалімі Арғынбай Мәдина Оралбай қызы «Мнемотехника арқылы балалардың сөздік қорын дамыту» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. Мнемотехника тәсілінің тиімділігін, тілдік жаттығулар, мнемотехника арқылы ертегіні, суретке қарап әңгімелеуді түсіндірді.

№26 «Үміт» бөбекжай-балабақшасының қазақ тілі мұғалімі Қарасартова Динара Сермағанбетқызы «Тілге бойлау жобасы: дәстүрлі әдіс пен жасанды интеллект үйлесімі» тақырыбында мамандарға өз тәжірибесімен бөлісті. ЖИ мүмкіндіктері : оқу материалдарын жылдам әзірлеу, жеке оқыту траекториясы, интерактивті ойындар, сөйлеуді дамыт туралы түсіндіріп өтті.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының қазақ тілі мұғалімі Мусина Асылгүл Ержанқызы «Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету барысында ұлттық ойындардың маңызы» тақырыбында ұлттық ойындардың балалардың сөздік қорын байыту, диалогқа түсіру, ұлттық құндылықтарды нығайту мақсатында пайдалануға болатынын айтып өтті.

№19 «Бұлақ» балабақшасының қазақ тілі мұғалімі Дүйсекешева Кенжегуль Рахметжановна «Сырлы қоржын-ұлттық ойын мекені тақырыбында ұлттық ойындардың тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктерін педагогтарға түсіндірді. Дыбыстық жұмбақ, сақина салмақ ойындарының маңызы туралы мағлұмат беріп өтті.

№ 8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы қазақ тілі мұғалімі Ахметова Мая Нұралықызы «Ой мен ойын арқылы тілге бойлау» тақырыбында ЖИ қолдана отырып балаларға ертегінің желісінің соңын достыққа шақыру туралы түсінік беріп кетті.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері Жетмекова Гулдар Урнаевна семинарды қортындылады.





